e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 15.03.2019
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 15.03.2019
Дата скачивания 29.03.2024

Қазақстан Республикасының Үкіметі (Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 315 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Правительство Республики Казахстан (Премьер-Министр РК)

Салық салынатын табысына Салық кодексінің 147-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша салық салынатын, жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібін қолданатын ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері көлік құралдарына салық төлеуші болып табылмайтын ауыл шаруашылығы қызметінде пайдаланылатын жеңіл және жүк көлік құралдарына қажеттілік нормативтерін бекіту туралы

Күші жойылған

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.03.2019 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған салық салынатын табысына Салық кодексінің 147-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша салық салынатын, жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібін қолданатын ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері көлік құралдарына салық төлеуші болып табылмайтын ауыл

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код
ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

шаруашылығы қызметінде пайдаланылатын жеңіл және жүк көлік құралдарына қажеттілік нормативтері бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі **К. Мәсімов**

Күші жойылған

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 15.03.2019
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 15.03.2019
Дата скачивания 29.03.2024

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 25 сәуірдегі
№ 315 қаулысымен
бекітілген

Салық салынатын табысына Салық кодексінің 147-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша салық салынатын, жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібін қолданатын ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері көлік құралдарына салық төлеуші болып табылмайтын ауыл шаруашылығы қызметінде пайдаланылатын жеңіл және жүк көлік құралдарына қажеттілік нормативтері

Күші жойылған

Көлік құралдарына салық төлеуші болып табылмайтын ауыл шаруашылығы қызметінде пайдаланылатын жеңіл және жүк көлік құралдарына қажеттілік нормативтері:

1. Шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері:

1) қозғалтқыштың 2500 текше сантиметрге дейінгі көлемін қоса алғанда, бір шаруа немесе фермер қожалығына бір жеңіл автомобильден;

2) бір шаруа немесе фермер қожалықтарына 1:1 қатынасты сақтай отырып 1000 гектар егістікке (шабындықтарға, жайылымдарға) қозғалтқыштың шектік жиынтық қуаты 1000 кВт мөлшеріндегі жүк автомобильдері;

2. Салық кодексінің 147-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша салық салынатын, жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібі қолданылатын ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдерін өндіруші – заңды тұлғалар:

1:1 арақатынасын сақтай отырып, 1000 гектар егістікке (шабындықтарға, жайылымдарға) қозғалтқыштың шекті жиынтық қуаты 1000 кВт мөлшеріндегі жүк автомобильдері.

Бұл ретте, егер есептеу қорытындылары бойынша көлік құралдарының саны 0,5 мәнінен бастап жоғары біреуден көп бірлікті құрайтын жағдайларда, мұндай мән тұтас бірлікке дейін дөңгелектеуге жатады, егер 0,5-тен төмен болса, дөңгелектеуге жатпайды.

Мынадай жағдайда, егер есептеу қорытындылары бойынша жүк автомобильдерінің саны бір бірліктен кем болған кезде, қозғалтқыштың қуаты барынша төмен бір жүк автомобилі босатылуға жатқызылады.

Күші жойылған